**Біржолғы талондар құнын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 198 шешімі. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 2 маусымда № 9-1-128 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2013 жылғы 22 қаңтардағы № 106 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2013.01.22 № 106 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қостанай қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы ( оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондар құны белгіленсін, 1-қосымшаға сәйкес ( коса беріліп отыр).

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2010.10.20 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) шешімімен.

2. Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар үшін біржолғы талондар құны белгіленсін, 2-қосымшаға сәйкес (коса беріліп отыр).

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2010.10.20 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) шешімімен.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, № 4 сайлау округі бойынша депутаты А. Айдосов*

*Қалалық мәслихат хатшысы С. Төкенов*

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі Салық комитеті Қостанай облысының Қостанай қаласы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы Ж. Нұржанов

Мәслихаттың 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 198 шешіміне 1-қосымша

## Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондар құны

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2010.10.20 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) шешімімен.

| № | Базардың атауы | Тауар түрі | Сауда ауданы | Біржолғы талондар құны (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | "Тобыл" Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның контейнерлік базары | Азық-түлік<br>Өнеркәсіптік | Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 150<br>150 |
| 2 | "Тобыл" Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның Нариман базары | Өнеркәсіптік Былғары бұйымдарды сату<br>Тері бұйымдарын сату (бағалы теріден: қара күзен, ақ түлкі, бұлғын)<br>Тері бұйымдарын сату (бағасы төмен теріден: ондатр, сазды құндыз, үй қояны) | Бір сауда орны<br>Бір сауда орны<br>Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 150<br>180<br>170<br>100 |
| 3 | "Салтанат" базары | Өнеркәсіптік | Бір сауда орны | 150 |
| 4 | "Штарк" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің базары | Автомобильдік: қосалқы бөлшектерді сату<br>авторезинаны сату<br>бұрын қолданыста болған автокөліктерді сату | Бір сауда орны<br>Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 250<br>400<br>200 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | "Шарт-Астык" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің базары | Өнеркәсіптік<br>Азық-түлік | Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 250<br>220 |
| 6 | "Кооператор" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің " Дархан" базары | Өнеркәсіптік | Бір сауда орны | 150 |
| 7 | Қостанай қалалық мүгедектер еркін қоғамының базары | Өнеркәсіптік | Бір сауда орны | 150 |
| 8 | "Отау-Сауда" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің " Орталық" базары | Азық-түлік<br>Өнеркәсіптік | Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 190<br>150 |
| 9 | "Береке" базары | Өнеркәсіптік Азық-түлік | Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 200<br>150 |
| 10 | "Наримановка 2" базары | Өнеркәсіптік<br>Азық-түлік | Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 150<br>190 |
| 11 | "Теркомсоюз" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның " Текстильный" шағын базары | Азық-түлік<br>Өнеркәсіптік<br>Саяжай учаскелерінің көкөністерін сату | Бір сауда орны<br>Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 45<br>45<br>45 |
| 12 | "Теркомсоюз" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның " Элеваторный" шағын базары | Азық-түлік<br>Өнеркәсіптік<br>Саяжай учаскелерінің көкөністерін сату | Бір сауда орны<br>Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 45<br>45<br>45 |
| 13 | "Теркомсоюз" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның " Западный" шағын базары | Азық-түлік<br>Өнеркәсіптік<br>Саяжай учаскелерінің көкөністерін сату | Бір сауда орны<br>Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 45<br>45<br>45 |
| 14 | "Теркомсоюз" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның " Южный" шағын базары ( Чкалов көшесі) | Азық-түлік<br>Өнеркәсіптік | Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 90<br>90 |
| 15 | "Таус" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Таус" базары | Азық-түлік<br>Өнеркәсіптік | Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 200<br>150 |
| 16 | "Дәлел" базары | Азық-түлік | Бір сауда орны | 80 |
| 17 | "Дастархан" базары | Сату: ет, балық, үй құсы<br>Жемістерді сату<br>Басқа өнімдерді сату ( көкөністер, бакалея, шұжықтар, май-сүтті, жұмыртқа)<br>Сүт өнімдерін сату (жеке аулалар) | Бір сауда орны<br>Бір сауда орны<br>Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 170<br>130<br>110<br>45 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 18 | "Ауыл шаруашылық" базары ( Рудный трассасы бойынша 6 километр) | Торайларды сату Құстарды сату<br>Астық қалдықтарын сату | Машинадан<br>Бір сауда орны<br>Бір сауда орны | 50<br>50<br>50 |
| 19 | Победа-Алтынсарин базары | Өнеркәсіптік | Бір сауда орны | 150 |

Мәслихаттың
2009 жылғы 21 сәуірдегі
№ 198 шешіміне 2-қосымша

## Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар үшін біржолғы талондар құны

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2010.10.20 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) шешімімен.

| Қызмет түрі | Біржолғы талондар құны (теңге) |
|---|---|
| Базарларда | |
| Газеттер мен журналдар сату | 40 |
| Базарлардан тыс, көшпелі сауда орындарын қоспағанда | |
| Тұқымдарды, сондай-ақ отырғызылатын материалдарды сату (екпелер, көшеттер) | 400 |
| Бақша дақылдарын сату | 1000 |
| Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді сату | 200 |
| Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату | 300 |
| Газеттер мен журналдар сату | 50 |
| Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі | 150 |
| Көшпелі сауда орындарында | |
| Тұқымдарды, сондай-ақ отырғызылатын материалдарды сату (екпелер, көшеттер) | 50 |
| Бақша дақылдарын сату, соның ішінде көлік құралдарынан | 100<br>200 |
| Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді сату | 50 |
| Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату, соның ішінде көлік құралдарынан | 45<br>100 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК